


**«САРЫСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



Сарысу аудандық «Сарысу»
газетінің редакторы
Ж.Өзбековке

Сарысу ауданы әкімдігінің білім бөлімі Сізден, «Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімінің Шағалалы негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бос тұрған директорлық қызмет орнына конкурс жариялауды сұранады.

Бөлім басшысы

И.Баймагамбетов

Орындаған Л.Керимкулова
5-12-01

**«Сарысу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімінің Шағалалы негізгі мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің директорлық қызметтік бос орнына ашық конкурс
жариялайды.**

Конкурс Жанатас қаласы Жібек жолы көшесі, №31 үйде өткізіледі.

«Шағалалы негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шағалалы ауылында орналасқан.

"Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына кандидаттардың конкурсқа қатысуы үшін мыналар талап етіледі:

- 1) Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім және басшылық лауазымдағы жұмыс өтіліне қойылатын талаптарсыз, кемінде 3 жыл педагогикалық жұмыс өтілі.
- 2) Бірінші немесе жоғары біліктілік санатының және (немесе) кәсіби құзыреттілігінің болуы: педагог-сарапшыға, педагог-зерттеушіге, педагог-шеберге қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуы (мемлекеттік қызметшіні, ЖОО және әдістемелік қызмет қызметкерлерін қоспағанда).

Лауазымдық жалақы мөлшері

Санаты	Қызмет атқарған еңбек өтілдеріне қарай	
	Теңгеден	Теңгеге дейін
(Бірінші немесе жоғары) педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер	92378	115 473

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде актілерді тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15681 болып тіркелген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-

шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Білім беруді дамыту, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларын, және білім берудің даму бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психология негіздерін, жалпыға міндетті білім беру стандартын, ақпараттық технологиялар бойынша қазіргі ғылым мен практиканың жетістіктері, басқарудың жаңашыл әдістері, менеджмент, қаржы – шаруашылық қызметтер негіздері. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нормалар мен ережелер, өртке қарсы қорғаныс, санитариялық нормалар мен қағидаларды.

Лауазымдық міндеттері. Білім беру ұйымын ақпараттандыру процесін, оның ресурстық қамтамасыз етілуін, оқыту және басқару қызметінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалануды іске асыруды ұйымдастырады, оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізеді және пайдаланады, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар үшін, оқыту және басқару қызметінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелері бойыншасыртқы ұйымдармен байланысты орнатады.

Жұмыстың тиісті бағыттарының кадрларын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, оларды басшыға ұсынады. Ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша педагог және басқару кадрларын оқытуды ұйымдастырады.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласында әдістемелік, зерттеу, тәжірибиелік – эксперименттік және инновациялық жұмыс жүйесін ұйымдастырады және жоспарлайды.

Оқу- материалдық базаларды сақтауды қамтамасыз ету және толықтыру қызмет көрсету, жөндеу және оның есебі бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Санитариялық –гигиена режимдері, қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын, белгіленген есепті құжаттамаларды уақытында жасауды қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) Білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініші;

2) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;

6) ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;

7) біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №9076ұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

9) соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

10) тестілеуден өткендігі туралы анықтама;

11) Мектепті дамытудың перспективалық жоспары.

12).Салық қызметі органдарына өзі алған табысы мен өзіне меншік құқығымен тиесілі, салық салу объектісі болып табылатын мүлкі туралы мәліметтерді табыс етуге міндетті.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар) беруге құқылы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде мына мекен-жайға тапсырылады:

Жанатас қаласы, Жібек жолы көшесі, №31 үй кадр бөлімі. теле факс.6-12-16. телефон: 5-12-01

Бөлім басшысы



И.Баймагамбетов